

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2025 жылғы 15 қаңтарда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрдің
орынбасары
Қ.А. Бозымбаевқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Қанат Алдабергенұлы!

Су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғыртуды мемлекет басшысы елдің ұлттық қауіпсіздігі мен тұрақты экономикалық дамуының басымдығы ретінде айқындаған.

Президентіміздің тапсырмасы бойынша уәкілетті орган - Су ресурстары және ирригация **министрлігі құрылды**, Су кодексінің жобасы әзірленіп, еліміздің су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024 - 2030 жылдарға арналған **тұжырымдамасы** қабылданды.

Тұжырымдаманың жаңартылған редакциясына сәйкес, су қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін **42** су қоймасын салу, **37** су қоймасын реконструкциялау және **14 мың** шақырымнан астам суару каналдарын жаңғырту көзделген.

Бұл экономика салаларын кепілді сумен қамтамасыз ету және төтенше жағдайлар қаупін азайту үшін гидротехникалық құрылыстардың жай-күйін жақсартып қана қоймайды.

Сондай-ақ суармалы жерлердің ауданын **2,5 млн.** гектарға дейін, ал қолда бар су ресурстарының көлемін **2,6 млрд.** текше метрге ұлғайтуға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Тұжырымдамаға сәйкес бірінші кезекте іске асырылатын нысандардың арасында **елорда агломерациясын сумен жабдықтау және су тасқыны қаупін азайту мәселелерін шешу** үшін жалпы көлемі 1,5 текше км болатын Бұзылық су қоймасын салу жоспарлануда.

Айта кететін жайт, Бұзылық су қоймасының жобасы 1968 жылы академик Ш.Чокіннің жетекшілігімен Қазақ энергетика Ғылыми зерттеу институты әзірлеген Ертіс өзенінің ағынын Сырдария өзенінің бассейніне өткізу жөніндегі кешенді жобасының бір бөлігі болып табылады.

Жалпы көлемі 5 текше км. «Ертіс өз. – Астана қ. – Есіл өз. – Сырдария өз.» каналының жобасы әрқайсысының дербес экономикалық мәні бар 4 учаскеден тұрады.

Бірінші учаске - Ертіс өзенінен су Ертіс-Қарағанды арнасы арқылы тасымалданады және Шідерті су қоймасынан бастап, Ерейментау қаласының солтүстігімен Сілеті өзені арқылы Есіл өзенінің бассейніне өтеді.

Екінші учаске – Астанадан Ақмола облысындағы Державинск қаласына дейінгі Есіл өзеніндегі Бұзылық су қоймасы.

Үшінші учаске – Державинск қаласынан Торғай өзенінің саласы Сарыөзен өзеніне дейін тереңдігі 60 м дейінгі (ұзындығы 24-30 км) канал немесе туннель.

Одан әрі Торғай өзені арқылы Сырдария өзеніне (Қазалы кентінің ауданында) су беріледі.

Бұзылық су қоймасын салу кезінде Есіл және Торғай бассейндерін біріктіру арқылы Торғай бассейніндегі ауыл шаруашылығы алқаптарын суаруға 1 млн. текше км-ден астам суды беруге мүмкіндік береді.

Академик Ш. Чокіннің бағалауы бойынша, бұл Орталық Қазақстанда суармалы жерлерді қосымша 1,5 миллион гектарға арттыруды, сондай-ақ қорлары бар Торғай қоңыр көмір бассейнін игеруді қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, келешекте арнаның Торғай учаскесін, Ертіс өзенінен Сырдария өзені алабына ағынның қосымша көлемін тасымалдау үшін немесе ірі Сібір-Орта Азия каналы жобасының бір бөлігі ретінде пайдалануға болады.

Бұл жоба, Қазақстандағы су шаруашылығы саласындағы жетекші мамандарымен, сондай-ақ тиісті халықаралық ұйымдары мен қаржы институттарының өкілдерімен талқыланды. Барлық есептеулер бар.

Осыған байланысты, құрметті Қанат Алдабергенұлы, Сізден ұсынылған мәліметтерді назарға алуыңызды және Есіл өзені мен Торғай өзенінің бассейндерін байланыстыратын каналдың (туннельдің) учаскесін - Бұзулық су қоймасын салу жобасына енгізуді қарастыруыңызды сұраймыз.

Сауалға заңнамамен белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

**«Ауыл» ХДПП партиясы
фракциясының депутаттары**

**Е. Саурықов
С. Егізбаев
Қ. Абден
Н. Арсютин
А. Баққожаев
Ж. Дайрабаев
А. Зейнуллин
Т. Серіков**

✍ А.Байжанова
☎ 74-63-92